

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Фармация комитеті төрағасының  
201\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Медициналық мақсаттағы бұйымды қолдану  
жөнінде тұтынушыға арналған нұсқаулық**

**Медициналық мақсаттағы бұйымның атауы**

Балалар мен ересектер үшін мұрын қуысына бүркуге және шаюға арналған зат:

- «Аквалор® беби» 125 мл
- «Аквалор® софт мини» 50 мл
- «Аквалор® софт» 125 мл
- «Аквалор® норм» 125 мл

**Бұйымның құрамы мен сипаттамасы**

Балалар мен ересектер үшін мұрын қуысына бүркуге және шаюға арналған «Аквалор® беби» 125 мл; «Аквалор® софт мини» 50 мл; «Аквалор® софт» 125 мл; «Аквалор® норм» 125 мл зат мұрынға арналған анатомиялық қондырмасы мен пластик қалпақшасы бар металл баллондағы аэрозоль болып табылады. Баллонның ішіндегісі – әлсіз тұздылау (100 мл құрамында 30-33 мл табиғи теңіз суы болатын) теңіз суының NaCl изотониялық концентрациясы бар стерильді ерітіндісі болып табылатын иіссіз мөлдір түссіз сұйықтық. Құрамында консерванттар жоқ. Дәрілік зат болып табылмайды.

«Аквалор®» орындалу нұсқаларының айрықша ерекшеліктері келесі кестеде көрсетілген:

<b>Бұйымның атауы</b>	<b>Қолдану жасы</b>	<b>Бүрку сипаты</b>
Аквалор® беби*	Туылуынан бастап	Жұмсақ душ
Аквалор® софт Аквалор® софт мини	6 айлығынан бастап	Душ
Аквалор® норм	6 айлығынан бастап	Сорғалату

\*«Аквалор® беби» қондырмасы терең енуін және бала мұрын қуысының шырышының жарақаттануын болғызбайтын шектеуші сақинамен қамтамасыз етілген.

Техникалық және функционалдық сипаттамалары:

Параметрінің атауы	Сипаттамасы
Сипаттамасы мен бұйымның құрылысы	Металл баллондағы қысымдағы аэрозоль. Баллонның ішіне төрт қабатты пакет орналастырылған, ол ішіндегі кері ағуы мен қоршаған ауаның пакеттің ішіне түсуін болғызбау жолымен бүкіл пайдалану кезеңі ішінде ішіндегінің стерильдігін сақтайтын арнайы бір жақты клапанмен қамтамасыз етілген.
Толтыру көлемі	50 мл, 125 мл
Ішіндегісінің сипаттамасы	Әлсіз тұздылау (100 мл құрамында 30-33 мл табиғи теңіз суы болатын) теңіз суының NaCl изотониялық концентрациясы бар стерильді ерітіндісі болып табылатын иіссіз мөлдір түссіз сұйықтық
Ішіндегісінің құрамы	табиғи теңіз суы, тазартылған су
pH	6,0 - 8,5
NaCl құрамы	8 - 11 г/л
Сақтау шарттары	Құрғақ және тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде, 5 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

### **Өндіруші ұйымның атауы және (немесе) тауарлық белгісі**

Аквалор® «Нижфарм» АҚ, Ресей тіркелген сауда белгісі болып табылады

### **Қолданылу саласы**

Балалар мен ересектер үшін мұрын қуысына бүркуге және шаюға арналған «Аквалор® беби», «Аквалор® софт мини», «Аквалор® софт», «Аквалор® норм» заты мұрын қуысының, мұрын маңы қойнауларының және мұрын-жұтқыншақтың жедел және созылмалы (жұқпалы, аллергиялық, атрофиялық) қабыну ауруларының, мұрын қуысы мен мұрын маңы қойнауларына хирургиялық араласулардан кейінгі жай-күйлердің алдын алу мен кешенді емдеу үшін, суық тию ауруларының жоғарылау кезеңінде, сондай-ақ мұрын мен мұрын-жұтқыншақ қуысының күнделікті гигиенасында қолданылады.

Шырышты шығарып тастауға, бөліністерді азайтуға, қабыршықтарды жұмсартуға және шығарып тастауға, мұрын қуысы шырыштарын ылғалдандыруға арналған.

Мұрын қуысы мен мұрын-жұтқыншақ шырышты қабығына жағымды әсер етеді, мұрын бітелуінің азаюына және мұрынмен тыныс алудың қалпына келуіне ықпал етеді.

Балалар мен ересектер үшін мұрын қуысына бүркуге және шаюға арналған «Аквалор® беби»; «Аквалор® софт мини»; «Аквалор® софт»; «Аквалор® норм» затымен мұрын қуысын шайғаннан кейін мұрын қуысы шырышты қабығына жағылатын дәрілік заттардың емдік тиімділігі жоғарылайды,

респираторлық аурулардың ұзақтығы қысқарады, жұқпалардың мұрын маңы қойнаулары мен құлақ қуысына таралу қаупі төмендейді.

Қолданылу шарттары: жеке және медицина мекемелері жағдайында қолдануға арналған.

### **Қолданылуы:**

- Мұрын қуысының, мұрын маңы қойнауларының және мұрын-жұтқыншақтың жедел және созылмалы (жұқпалы, аллергиялық, атрофиялық) қабыну ауруларының:
  - жедел және созылмалы риниттердің (тұмаудың)
  - жедел және созылмалы синуситтердің (соның ішінде гаймориттің)
  - жедел және созылмалы аденоидттардың
  - аллергиялық және вазомоторлық риниттердің
  - субатрофиялық риниттерді (шырышты қабықтың құрғауының)
  - алдын алу мен кешенді емдеуге
- Респираторлық жұқпалардың (ЖРВЖ және т.б.) алдын алу мен кешенді емдеуге
- Мұрын қуысы мен мұрын-жұтқыншақтың күнделікті гигиенасында
- Мұрын қуысы мен мұрын маңы қойнауларына хирургиялық араласудан кейінгі жағдайда

### **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

Баллон ішіндегі компоненттерді жекелей көтере алмаушылық.

### **Айрықша нұсқаулар**

Жүктілік пен бала емізу қарсы көрсетілім болып табылмайды.

### **Қолдану тәсілі**


Медициналық бұйымды пайдаланудың алдында анатомиялық қондырғыны қайнап тұрған сумен немесе этил спиртінің ерітіндісімен өңдеу керек.

### **2 жасқа дейінгі балалар үшін:**

Ерте жастағы балалардың мұрнын шаюды жатқызып қойып жүргізеді:

- баланың басын бір жағына бұру керек;
- баллоның ұштығын жоғары жағындағы мұрын жолына бірнеше секунд бойы салу, мұрын қуысын шаю;
- аспиратордың көмегімен шайғыш ерітіндінің қалдығын шығарып тастау, қажет болғанда ісшараны қайталау керек.


Ісшараны басқа мұрын жолына қайталау керек.



## **2 жастан үлкен балалар мен ересектер үшін:**

- басын бір жағына бұру керек;
- баллоның ұштығын жоғары жағындағы мұрын жолына бірнеше секунд бойы салып, мұрын қуысын шаю керек;
- сәбиден аспиратордың көмегімен шайғыш ерітіндінің қалдығын шығару/сіңбіру, қажет болғанда ішараны қайталау керек.

Ішараны басқа мұрын жолына қайталау керек.



## **Қаптамасы**

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықпен мұрынға арналған анатомиялық қондырмамен және пластик қалпақшамен жарақтандырылған металл баллоны.

## **Сақтау шарттары**

Құрғақ және тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде, 5 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

## **Сақтау мерзімі**

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

## **Тасымалдануы**

Көліктің барлық түрлерімен, жабық көлік құралдарында көліктің осы түрінде қолданылатын тасымалдау ережелеріне сәйкес 1 °С-ден 40 °С-ге дейінгі температурада тасымалданады.

**Өндіруші ұйым**

YS LAB, Le Forum, 2 rue Felix Le Dantec, QUIMPER 29000, Франция.

Бұл медициналық бұйымының сапасы мен өндірістік қуаттары Франция YS LAB компаниясы, барлық халықаралық стандарттар сапасына жауап береді, ол ISO 13485:2004 сертификатымен және бұйымға сәйкестік декларациясымен расталған.

***Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан медициналық бұйымдар жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның мекенжайы***

ҚР-дағы «Нижфарм» АҚ Өкілдігі  
050043, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Хан-Тәңірі ы/а, 55б  
тел.: (727) 2222-100  
факс: (727) 398-64-95  
e-mail: almaty@stada.kz